

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің 2020 – 2021 жылдарға арналған макроэкономикалық саясатының негізгі бағыттарын іске асыру бойынша іс-шаралардың тізбесі**

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 01 қазандағы № 21 өкімі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаның 63-тармағына сәйкес және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің 2020 – 2021 жылдарға арналған макроэкономикалық саясатының негізгі бағыттары туралы" 2020 жылғы 19 мамырдағы № 6 шешімін орындау мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің 2020 – 2021 жылдарға арналған макроэкономикалық саясатының негізгі бағыттарын іске асыру бойынша іс-шаралардың тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден макроэкономикалық саясатты жүргізген кезде тізбеде көзделген, мүше мемлекеттердің құзыретіне жататын бөлігіндегі іс-шараларды ескеру және оларды іске асырудың барысы туралы Еуразиялық экономикалық комиссияны хабардар ету сұралсын.

3. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің макроэкономикалық саясаттың негізгі бағыттарын іске асыруға арналған іс-қимылдарына талдау жүргізсін және тізбеде көзделген, Еуразиялық экономикалық комиссияның құзыретіне жататын іс-шаралардың орындалуын үйлестірсін.

4. Осы Өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

**Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:**

*Армения Беларусь Қазақстан Қырғыз Ресей  
Республикасынан Республикасынан Республикасынан Республикасынан  
Федерациясынан  
М.Григорян И.Петришенко А.Смаилов Э.Асрандиев А.Оверчук*

Еуразиялық экономикалық комиссия  
Кеңесінің  
2020 жылғы 1 қазандағы № 21 өкімімен  
БЕКІТІЛГЕН

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің 2020 – 2021 жылдарға арналған макроэкономикалық саясатының негізгі бағыттарын іске асыру бойынша іс-шаралардың ТІЗБЕСІ**

Негізгі бағыттарды іске асыруға арналған іс-қимылдар	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің іске асыруына ұсынылатын іс-шаралар	Еуразиялық экономикалық комиссия жүзеге асыратын іс-шаралар	Күтілетін экономикалық нәтиже
<p><b>1 - бағыт.</b>  <b>Макроэкономикалық тұрақтылықты ұстап тұру</b></p>	<p>баға мен қаржылық тұрақтылықты, сондай-ақ мемлекеттік қаржының тұрақтылығын сақтауға бағытталған ұлттық деңгейде шаралар қабылдау</p> <p>2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) 63-бабында белгіленген экономикалық дамудың тұрақтылығын айқындайтын макроэкономикалық көрсеткіштердің сандық мәндерінен асып кеткен жағдайда, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 23 қаңтардағы № 9 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер экономикалық дамудың тұрақтылығын айқындайтын макроэкономикалық көрсеткіштердің сандық мәндерінен асып кетсе, экономикалық жағдайды тұрақтандыруға бағытталған ұсынымдар мен бірлескен шараларды әзірлеу және қабылдау тәртібіне сәйкес</p>	<p>Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде (бұдан әрі – тиісінше Одақ , мүше мемлекеттер) экономикалық дамудың тұрақтылығын анықтайтын макроэкономикалық көрсеткіштердің сандық мәндеріне Шарттың 63-бабында белгіленген мониторинг жүргізу</p> <p>Шарттың 63-бабында белгіленген экономикалық дамудың тұрақтылығын анықтайтын макроэкономикалық көрсеткіштердің сандық мәндерінен асып кеткен жағдайда, Тәртіпке сәйкес мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарымен консультациялар жүргізу</p> <p>Комиссияның Шарттың 63-бабында белгіленген экономикалық дамудың тұрақтылығын анықтайтын</p>	<p>мүше мемлекеттердегі макроэкономикалық</p>
<p><b>1. Баға және қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету</b></p>			

	<p>Еуразиялық экономикалық комиссиямен (бұдан әрі – Комиссия) консультациялар жүргізу қажет болған жағдайда Комиссияның Шарттың 63-бабында белгіленген экономикалық дамудың тұрақтылығын анықтайтын макроэкономикалық көрсеткіштердің сандық мәндеріне сәйкестігін қамтамасыз етуге бағытталған ұсынымдарын ескеру</p> <p>ұлттық (орталық) банктер арасында тұрақты консультациялар, соның ішінде баға тұрақтылығы мәселелері бойынша консультациялар жүргізу</p>	<p>макроэкономикалық көрсеткіштердің сандық мәндеріне сәйкестігін қамтамасыз етуге бағытталған ұсынымдарын Тәртіпке сәйкес әзірлеу</p> <p>мүше мемлекеттер іске асырып жатқан шараларды талдау</p>	<p>тұрақтылықты қамтамасыз ету</p>
<p><b>2. Қаржы секторының үздіксіздігін қамтамасыз ету, операциялық тәуекелдерді азайту және кейбір қызметкерлердің қашықтықтан жұмыс жасауына мүмкіндік беру кезінде ақпараттық қауіпсіздікті сақтау</b></p>	<p>мүше мемлекеттердегі қаржы секторының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қаржылық реттеушілердің шаралар қабылдауы</p> <p>операциялық тәуекелдерді азайту және ақпараттың қорғалуын қамтамасыз ету бойынша ұлттық шараларды қабылдауы, соның ішінде кейбір қызметкерлердің қашықтықтан жұмыс істеуін ұйымдастыру ерекшеліктерін ескере отырып қабылдау</p>	<p>мүше мемлекеттер іске асырып жатқан шараларды талдау</p>	<p>мүше мемлекеттердің экономикасын қаржы ресурстарымен үздіксіз қамтамасыз ету</p> <p>мүше мемлекеттердің қаржы жүйесінің тұрақтылығын арттыру</p> <p>ақпарат алмасу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау</p>
	<p>қажет болған жағдайда қаржылық реттеушілердің шаралар қабылдау, соның ішінде нақты сектордағы кәсіпорындарға несие беруді қолдау үшін</p>		

<p><b>3. Қаржы секторының экономикаға ресурстар беру бойынша әлеуетін қолдау, соның ішінде нақты сектордағы кәсіпорындарды несиелеу шарттарын жеңілдету бөлігінде қолдау көрсету (мүше мемлекеттердің үкіметтері мен қаржылық реттеушілерінің COVID-19 коронавирусының таралуының жағымсыз салдарын жоюға бағытталған шаралары шеңберінде)</b></p>	<p>қосымша капиталды босатуға бағытталған пруденциалдық талаптарды жеңілдету түрінде шаралар қабылдауы</p> <p>қажет болған жағдайда COVID-19 коронавирус инфекциясының таралуынан көп зардап шеккен салалардың экономикалық субъектілеріне, шағын және орта бизнеске несиелік міндеттемелерге байланысты нормативтік жеңілдіктерді енгізу</p> <p>берешекті қайта құрылымдау кезінде, соның ішінде кейінге қалдыру (бөліп-бөліп) беру және несиелік келісімдердің мерзімдерін ұзарту арқылы нақты сектор кәсіпорындарына несие беру шарттарының нашарлауына жол бермейтін жағдайларды қалыптастыру</p> <p>қажет болған жағдайда шағын және орта бизнес, жүйе құраушы кәсіпорындар мен экономика салаларына арналған несиелерді қайта қаржыландыру бағдарламаларын кеңейту</p>	<p>мүше мемлекеттер іске асырып жатқан шараларды талдау</p>	<p>экономиканың нақты секторын қаржылық қолдауды қамтамасыз ету</p> <p>шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін несиелік қорлардың қолжетімділігін арттыру</p> <p>COVID-19 коронавирус инфекциясының таралу салдарын барынша азайту және нақты сектордағы кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығын сақтау</p>
<p><b>4. Төлем жүйелерінің үздіксіз қызметі кезінде оларға түсетін әкімшілік жүктемені жеңілдету</b></p>	<p>қажет болған жағдайда ұлттық деңгейде төлем жүйесінің операторларына, ақша аударымдарының операторларына және төлем инфрақұрылымы операторларына, ұлттық төлем жүйесінің субъектілеріне реттеуші және қадағалау жүктемесін</p>	<p>мүше мемлекеттер іске асырып жатқан шараларды талдау</p>	<p>төлем жүйелерінің үздіксіз және тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету</p> <p>мүше мемлекеттердің экономикалық субъектілері арасындағы ақша аударымдарын</p>

	оңтайландыру бойынша шаралар қабылдау		жүзеге асыру кезінде транзакциялық шығындарды төмендету
<b>5. Тез төлемдер жүйесін пайдалануды қоса алғанда, тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) ақы төлеудің қолма қолсыз тәсілдерін көбірек пайдалануды, сондай-ақ банк көрсететін қызметтерді қашықтан алуды, соның ішінде қашықтан сәйкестендіру мүмкіндіктерін пайдалана отырып алуды ынталандыру</b>	<p>қажет болған жағдайда ұлттық (орталық) банктер банктік операцияларда қашықтықтан қызмет көрсету арналары мен цифрлық қызметтердің қол жетімділігін арттыру және көтеру жөніндегі шараларды қабылдау</p> <p>қашықтықтан, соның ішінде биометриялық, сәйкестендіру тәсілдерін, сондай-ақ сәйкестендіру деректерімен алмасудың банкаралық жүйелерін құру</p>	мүше мемлекеттер іске асырып жатқан шараларды талдау	қолма-қол ақшасыз төлемдер мен төлемдер үлесін көбейту
<b>6. Ұлттық валюталардың үшінші елдердің валюталарына қатысты бағамдарының құбылмалылығына байланысты бағаның негізсіз өсуіне жол бермейтін шаралар мониторингі және жедел қабылдау</b>	<p>үшінші елдерден әкелінетін әлеуметтік маңызы бар тауарлардың резервтерін қалыптастыру үшін жағдайлар жасау, және мүше мемлекеттерде қалыптасқан қорларды пайдаланудың ұтқырлығы</p> <p>нарықтық экономика қағидаттары негізінде маңызды және әлеуметтік маңызды тауарлар бағасының спекулятивті өсуіне жол бермеу үшін ұлттық деңгейде реттеуші мониторинг жүргізу және жедел шаралар қабылдау</p>	мүше мемлекеттер іске асырып жатқан шараларды талдау	мүше мемлекеттерде баға тұрақтылығын ұстап тұру
<b>7. Экономика мен халықты қолдауға</b>	білім беру мүмкіндіктерін қарастыру және ұлттық экономиканың ерекшеліктері мен құрылымын ескере отырып, ұзақ мерзімді перспективада мүше мемлекеттердің бюджеттік жүйесінің	<p>мүше мемлекеттер іске асырып жатқан шараларды талдау</p> <p>Комиссияның Шарттың 63-бабында белгіленген экономикалық дамудың</p>	мемлекеттік басқару секторының шоғырландырылған

<p>бағытталған кірістердің жетіспеушілігін жабу мақсатында бюджет кірістерінің қосымша көздерін қалыптастыру</p>	<p>тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған қосымша бюджеттік түсімдерді әзірлеу</p> <p>салық және кеден әкімшілігін жетілдіру, кәсіпкерлік субъектілерінің жұмысында салық және кедендік тәртіпті сақтау</p>	<p>тұрақтылығын анықтайтын макроэкономикалық көрсеткіштердің сандық мәндеріне сәйкестігін қамтамасыз етуге бағытталған ұсынымдарын әзірлеу шеңберінде ұсыныстар дайындау</p>	<p>бюджеті қаражаттарының жұмсалуын оңтайландыру</p> <p>мемлекеттік басқару секторының шоғырландырылған бюджетінің кірістерін арттыру</p>
<p><b>8. Одақтың келісілген индикативті (болжамды) баланстары шегінде мүше мемлекеттер экономикасын энергия ресурстарымен сенімді қамтамасыз ету</b></p>	<p>мүше мемлекеттің газ, мұнай және мұнай өнімдерінің индикативті (болжамды) баланстарын әзірлеу және оларды 2016 жылғы 22 сәуірдегі газдың, мұнайдың және мұнай өнімдерінің индикативті (болжамды) теңгерімдерін қалыптастыру әдістемесі туралы келісімде белгіленген мерзімде Комиссияға ұсыну</p>	<p>Одақтың газ, мұнай және мұнай өнімдерінің индикативті (болжамды) баланстарын қалыптастыру және оларды мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мүше мемлекеттердің экономикаларының қажеттіліктерін қанағаттандыру жөніндегі жұмыста пайдалану үшін Одақтың ресми сайтында жариялау</p> <p>Одақтың газ, мұнай және мұнай өнімдерінің индикативті (болжамды) баланстары туралы ақпаратты Комиссия Алқасында қарау</p>	<p>мүше мемлекеттердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға сенімділікті арттыру</p> <p>мүше мемлекеттердің энергия ресурстарының негізгі түрлеріне қажеттіліктерін қанағаттандыру сенімділігін арттыру және мүше мемлекеттердің жалпы энергетикалық әлеуетін тиімді пайдалану</p>
<p><b>9. 7. Мүше мемлекеттердің ұлттық валюталарының өзара саудада пайдаланылуын кеңейтуді ынталандыру</b></p>	<p>Одақ шеңберінде өзара сауданы жүзеге асыру кезінде есеп айырысуларды долларсыздандыру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу бойынша жоғары деңгейдегі жұмыс тобының қызметі шеңберінде ұлттық валютада есеп айырысуға көшу және есеп айырысуды долларсыздандыру жөнінде ұсыныстар дайындау</p>	<p>Одақ шеңберінде өзара сауданы жүзеге асыру кезінде есеп айырысуларды долларсыздандыру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін жоғары деңгейдегі жұмыс тобын құру және оның жұмысын ұйымдастыру</p>	<p>мүше мемлекеттердің есептеулерінде ұлттық валюталардың үлесін арттыру үшін жағдайлар жасау</p> <p>мүше мемлекеттер экономикасының үшінші</p>

	<p>мүше мемлекеттердің өзара есеп айырысуында ұлттық валюталардың қолданылуын мониторингілеу және талдау және олардың қолданылуын кеңейту бойынша ұсыныстар әзірлеу</p>	<p>мүше мемлекеттер іске асырып жатқан шараларды талдау</p>	<p>елдердің валюталарына тәуелділігін азайту</p>
<p><b>10. Еуразиялық тұрақтандыру және даму қорының мүше мемлекеттерге макроэкономикалық тұрақтандыру мақсатында белгіленген тәртіпте несиелік көмек беруі, Еуразиялық даму банкінің мүше мемлекеттермен өз құзыреті шегінде COVID-19 коронавирус инфекциясының таралуының салдарын барынша азайтуға бағытталған жобаларды іске асыруы мәселелерін әзірлеуі</b></p>	<p>мүше мемлекеттердегі экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған шараларды жүзеге асыру бойынша Еуразиялық тұрақтандыру және даму қорына ұсыныстар енгізу (бар болса)</p> <p>Еуразиялық даму банкі Кеңесіне мүше мемлекеттердегі кәсіпкерлік субъектілерін қаржылық қолдау туралы, сондай-ақ мүше мемлекеттердің кәсіпкерлік субъектілеріне COVID-19 коронавирус инфекциясының зардаптарын жоюға көмектесу жөніндегі мүмкін болатын шаралар туралы ұсыныстар енгізу (бар болса).</p>	<p>Еуразиялық тұрақтандыру және даму қоры мен Еуразиялық даму банкі шеңберінде жүзеге асырылатын шараларды талдау</p> <p>Еуразиялық даму банкін қаржыландыру үшін интеграциялық әлеуеті бар ынтымақтастық жобаларын жасап, оларды Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2017 жылғы 13 қаңтардағы №1 бұйрығына сәйкес құрылған жұмыс тобының шеңберінде қарау</p>	<p>макроэкономикалық тұрақтандыру мақсатында қабылданған шаралардың тиімділігін арттыру, соның ішінде Еуразиялық тұрақтандыру және даму қоры мен Еуразиялық даму банкінің қаржылық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, COVID-19 коронавирус инфекциясының таралуының салдарын азайтуға бағытталған жобаларды іске асыру</p>
<p><b>2 - бағыт.</b> <b>Инвестицияларды қолдау және өсіру, Одақтың ғылыми-технологиялық және өндірістік әлеуетін дамыту үшін шаралар қабылдау</b></p>			
	<p>ұлттық экономикаларда жаңа тұрақты және уақытша жұмыс орындарын құру, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған жұмыс орындарының сақталуын қамтамасыз ететін мүше мемлекеттердің экономикалық</p>	<p>мүше мемлекеттер іске асырып жатқан шараларды талдау</p>	

<p><b>1. Мүше мемлекеттерде жұмыс орындарын сақтап қалу және жұмыспен қамту деңгейін арттыру</b></p>	<p>субъектілерін қолдау бойынша шаралар қабылдау</p> <p>қашықтықтан және толық емес ішінара жұмыспен қамтуды қоса алғанда, жұмыспен қамтудың әртүрлі нысандарын дамыту бойынша шаралар қабылдау, мүше мемлекеттерде берілген Одақтың ішкі нарығында ғылыми дәрежелер мен академиялық құжаттарды, сондай-ақ педагогикалық және құқықтық салалардағы білім туралы құжаттарды еңбекке орналасу мемлекетінде тану рәсімінен өту қажеттігіне қатысты Одақтың ішкі нарығында оларды алып қоюды жою туралы мәселені әзірлеуге қатысу</p>	<p>мүше мемлекеттерде берілген ғылыми дәрежелер мен академиялық құжаттарды, сондай-ақ педагогикалық және құқықтық салалардағы білім туралы құжаттарды еңбекке орналасу мемлекетінде тану рәсімінен өту қажеттігі бөлігінде Одақтың ішкі нарығында оларды алып қоюды жою туралы мәселені мүше мемлекеттермен бірге әзірлеу</p>	<p>жұмыс орындарын сақтау, мүше мемлекеттерде жұмыспен қамтуды арттыру</p> <p>Одақтағы еңбек ресурстарын пайдаланудың сапасы мен тиімділігін арттыру үшін жағдайлар жасау</p>
<p><b>2. Табыстың төмендеуі жағдайында экономика салаларын қолдауға мұқтаж шағын және орта бизнес пен кәсіпорындарды салықтық және бюджеттік қолдау шараларын қабылдау</b></p>	<p>экономика салаларын қолдауға аса мұқтаж шағын және орта бизнес пен кәсіпорындарға түсетін бюджеттік ауыртпалықты азайту жөнінде, оның ішінде салық берешегі мен әлеуметтік аударымдарды төлеу мерзімдерін (бөліп-бөліп) кейінге қалдыру, салық санкцияларын уақытша қолданбау, салық міндеттемелерін уақытылы орындамағаны үшін өсімпұлдарды есептемеу сияқты шараларды қолдану</p> <p>мемлекеттік және (немесе) коммуналдық меншікті жалға беру құқығын пайдаланатын заңды тұлғаларға "жалға беру демалысын" енгізу</p>	<p>мүше мемлекеттер іске асырып жатқан шараларды талдау</p>	<p>экономика секторларын қолдауға мұқтаж шағын және орта бизнестің және экономика секторының аса кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығын қолдау</p> <p>мүше мемлекеттерде жұмыспен қамту</p>



	жеке кәсіпкерлерге, шағын және орта бизнеске және заңды тұлғалардың аса мұқтаж санаттарына мемлекеттік қаржылық қолдау көрсету		деңгейін және іскерлік белсенділікті қолдау
<b>3. Инвестициялық ахуалды жақсарту және мемлекеттік-жекеменшік әріптестік механизмін жандандыру үшін мүше мемлекеттердің бюджеттік қаражатын пайдалану тиімділігін арттыру</b>	<p>мүше мемлекеттер бюджеттерінің инвестициялық шығыстарының айқындылығы мен тиімділігін арттыру бойынша шаралар қабылдау</p> <p>мүше мемлекеттердің мемлекеттік-жекеменшік әріптестік механизмдерін қолдану саласындағы заңнамасын жетілдіруге бағытталған шараларды жүзеге асыру</p>	<p>мүше мемлекеттер іске асырып жатқан шараларды талдау</p> <p>мүше мемлекеттерге өзара қызығушылық тудыратын мемлекеттік-жекеменшік әріптестік туралы ақпарат алмасуға, соның ішінде талдамалық және анықтамалық материалдармен алмасуға көмектесу</p>	<p>мүше мемлекеттерде инвестициялық процестерді жандандыру</p> <p><b>О д а қ т а</b> мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобаларын іске асырудың оңтайлы механизмдерін енгізу үшін қолайлы жағдайлар жасау</p>
<b>4. Мүше мемлекеттердің озық халықаралық практикасы мен тәжірибесін ескере отырып, инвестициялық саладағы әкімшілік және өзге де реттеуші рәсімдерді жеңілдету және (немесе) жою</b>	<p>инвестициялық саладағы әкімшілік және басқа да реттеуші рәсімдерді талдау</p> <p>озық халықаралық практика мен мүше мемлекеттердің прогрессивті тәжірибесін ескере отырып, инвестицияларды тартуға кедергі келтіретін әкімшілік және басқа да реттеу рәсімдерін жеңілдету және / немесе жою жөніндегі шараларды мүше мемлекеттердің қабылдауы</p>	<p>мүше мемлекеттердің инвестициялық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерін талдау</p> <p>мүше мемлекеттердің әкімшілік және басқа да реттеу рәсімдерін оңайлату және (немесе) жою бойынша қабылдаған шараларын талдау</p>	<p>мүше мемлекеттердегі инвестициялық процестерді қарқындету</p> <p>мүше мемлекеттердегі инвестициялық ахуалды жақсарту</p>
<b>5. Инвесторларды қорғауға бағытталған</b>	инвесторлардың, соның ішінде басқа мүше мемлекеттер инвесторларының құқықтарын қорғауға бағытталған нормативтік құқықтық актілерді талдау	<p>мүше мемлекеттердің инвесторларды қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерін талдау</p> <p>мүше мемлекеттердың инвесторлардың, оның</p>	мүше мемлекеттердегі инвестициялық процестерді қарқындету

<p><b>мүше мемлекеттердің заңнамалық-құқықтық базасын жетілдіру</b></p>	<p>инвесторлардың, соның ішінде басқа мүше мемлекеттер инвесторларының құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін мүше мемлекеттердегі заңнамалық және нормативтік базаны жетілдіру бойынша шаралар қабылдау</p>	<p>ішінде басқа да мүше мемлекеттерден инвесторлардың құқықтарын қорғау саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру бойынша қабылдаған шараларын талдау</p>	<p>мүше мемлекеттердегі инвестициялық ахуалды жақсарту</p>
<p><b>6. Денсаулық сақтау саласын ғылыми-зерттеуге және дамытуға мемлекеттік және жеке кәсіпорындардың инвестицияларын ынталандыру бойынша шаралар қабылдау</b></p>	<p>орта мерзімді перспективада ғылыми зерттеулер мен денсаулық сақтау салаларына мемлекеттік бюджет шығыстарының үлесін біртіндеп ұлғайту мүмкіндігін қарастыру</p> <p>ғылыми зерттеулер жүргізетін, оның ішінде денсаулық сақтау саласында жүргізетін кәсіпорындарды ынталандыру шараларының кешенін әзірлеу</p> <p>медициналық кадрларды қайта даярлаудың тұрақты жүйесін бірлесіп әзірлеу және енгізу бойынша ұсыныстар дайындау</p>	<p>мүше мемлекеттер іске асырып жатқан шараларды талдау</p>	<p>Одақтың ғылыми әлеуетін, соның ішінде денсаулық сақтау саласындағы әлеуетін дамыту</p> <p>денсаулық сақтау саласындағы кадрлық ресурстарды арттыру</p>
	<p>Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 21 өкімімен бекітілген жоғары деңгейлі жоспарға сәйкес " Еуразиялық өнеркәсіптік кооперация, қосалқы мердігерлік және технологиялар трансфері желісі" жобасын іске асыруды жалғастыру</p> <p>қажет болған жағдайда мемлекетаралық бағдарламалар мен жобаларды, сондай-ақ</p>	<p>мүше мемлекеттер іске асырып жатқан шараларды талдау</p> <p>Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 21 өкімімен бекітілген жоғары деңгейлі жоспарға сәйкес " Еуразиялық өнеркәсіптік кооперация, қосалқы</p>	<p>Одақта өндірістік кооперацияны дамыту</p>

<p><b>7. Қосымша құнға, соның ішінде экономиканың жоғары технологиялық секторларында өндірістік-технологиялық тізбегін құрайтын кооперациялық жобалардың дамуына ықпал ету</b></p>	<p>жаңа Еуразиялық технологиялық платформаларды әзірлеу бойынша бастамашылық ұсыныстарды қарастыру</p> <p>Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 191 өкімімен құрылған кооперацияда және өнеркәсіптің басымдықты салаларында интеграциялық өзара іс-қимыл мәселелері бойынша жоғары деңгейдегі жұмыс тобының қызметі аясында Одақта индустрияландыру картасын қалыптастыруға қатысу</p> <p>өнеркәсіп пен агроөнеркәсіптік кешен саласындағы импортты алмастыру және интеграциялық бірлескен жобаларды іске асыру бойынша ұсыныстар дайындау</p>	<p>мердігерлік және технологиялар трансфері желісі" жобасын іске асыруды жалғастыру</p> <p>мемлекетаралық бағдарламалар мен жобаларды бекіту және іске асыру бойынша жұмыстарды үйлестіру</p> <p>еуразиялық технологиялық платформаларды қалыптастыру және олардың жұмыс істеуі бойынша жұмысты үйлестіру</p> <p>О да қ т ы ң индустрияландыру картасын қалыптастыру</p> <p>О да қ т ы ң ауылшаруашылық индустриясын дамыту картасын қалыптастыру</p>	<p>өндірістік тізбелерді модельдеу, соның ішінде өндіріс қуаттарын барынша жүктеу тізбектерін модельдеу</p> <p>инновациялық процестерді ынталандыру, оның ішінде технологиялар трансфері арқылы ынталандыру</p> <p>Одақтың ортақ нарығын мүше мемлекеттерде шығарылатын өнімдермен қанықтыру</p>
<p><b>8. Сандық қаржылық технологияларды дамыту және осы салаға инвестицияларды тарту</b></p>	<p>қаржы нарығына қатысушылардың сандық технологияларды қолдану аясын кеңейтуге ықпал ету</p>	<p>мүше мемлекеттер іске асырып жатқан шараларды талдау</p>	<p>қаржылық қызметтердің қол жетімділігін, сапасын және түрлерін арттыру</p>
<p><b>3-бағыт. Тұрақты сұранысты сақтау, экспорттық мүмкіндіктерді кеңейту және өзара сауданы күшейту үшін жағдайлар жасау</b></p>			
	<p>Одақтың ішкі нарығының ұлттық сегменттеріне өзара қол жеткізу үшін</p>	<p>Одақтың ішкі нарығының ұлттық сегменттеріне өзара қол жеткізу үшін кедергілерді, алып қоюларды және шектеулерді анықтау, сондай-ақ Одақтың ішкі нарығының жұмыс істеуіне кедергі</p>	<p>мүше мемлекеттердің өзара саудасының өсуі</p>

<p><b>1. Кедергілерді жою, алып қоюлар мен шектеулерді азайту, сондай-ақ Одақтың ішкі нарығында жаңа кедергілердің пайда болуына жол бермеу</b></p>	<p>кедергілердің, алып қоюлардың және шектеулердің болуы туралы, сондай-ақ Одақтың ішкі нарығының жұмыс істеуіне кедергі келтіретін анықталған кедергілерді, алып қоюлар мен шектеулерді жою мүмкіндігі туралы ақпаратты Комиссияға жіберу</p>	<p>келтіретін анықталған кедергілерді, алып қоюлар мен шектеулерді жою мүмкіндігін анықтау Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 14 қарашадағы № 152 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығындағы тосқауылдарды кедергілерге, алып қоюлар мен шектеулерге бөлу әдістемесіне өзгерістер енгізу туралы Одақ органының актісін дайындау және қабылдау</p>	<p>тауарлардың, қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысы үшін жағдайлар жасау мүше мемлекеттердің экономикалық субъектілерінің басқа мүше мемлекеттердің нарықтарына қол жетімділігін жеңілдету</p>
<p><b>2. Мүше мемлекеттердің трансшекаралық нарықтарында әділ бәсекелестікті қамтамасыз ету және оны қорғау</b></p>	<p>Одақтың құқығына кіретін актілерге бәсекелестіктің жалпы ережелерінің сақталуын бақылау бөлігінде өзгерістер енгізу туралы ұсыныстарды әзірлеу және Комиссияға енгізу мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары өкілдерінің қатысуымен Комиссия жүргізетін келіссөз процестеріне қатысу мүше мемлекеттердің монополияға қарсы (бәсекелестік) органдарының Одақтың трансшекаралық нарықтарында бәсекелестіктің жалпы ережелерінің бұзылуы белгілерінің болуы</p>	<p>Шартқа, Комиссияның бәсекелестіктің жалпы ережелерінің сақталуын бақылау мәселелерін реттейтін актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы, сондай-ақ 2019 жылғы 1 қазанда қол қойылған, 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттамада көзделген Комиссия актілерінің жобаларын әзірлеу арқылы Одақтың құқығын жетілдіру бәсекелестік саласындағы озық халықаралық тәжірибені Одақ заңнамасына және құқық қолдану практикасына енгізу мақсатында (зерттеу әлеуметтік маңызы бар тауарлар нарығында және экономиканың жоғары технологиялық салаларында бәсекелестік жағдай жасау мақсатында мүше мемлекеттердің монополияға қарсы (</p>	<p>құқық қолдану практикасы мен монополияға қарсы реттеуді дамыту үрдістерін ескере отырып, бәсекелестіктің жалпы ережелерінің сақталуын бақылау механизмдері мен құралдарын жетілдіру</p> <p>О да қ т ы ң трансшекаралық нарықтарындағы бәсекелестікті қалпына</p>

	<p>туралы ақпараттан тұратын материалдарды Комиссияға ұсынуы</p>	<p>бәсекелестік) органдарымен өзара іс-қимылын жүзеге асыруды қамтитын Одақтың трансшекаралық нарықтарында бәсекелестік қағидаларының сақталуын бақылау</p>	<p>келтіру және қамтамасыз ету</p>
<p><b>3. Үшінші елдермен сауда-экономикалық қатынастарды дамыту, сондай-ақ өзара тиімді ынтымақтастық орнату және Одақтың экспорттық мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында негізгі аймақтық экономикалық қауымдастықтармен, халықаралық және аймақтық ұйымдармен жүйелі диалог құру</b></p>	<p>Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес тиісті шешімдер қабылдаған кезде Одақтың және оған мүше мемлекеттердің Мысыр Араб Республикасымен, Израиль мемлекетімен, Үндістан Республикасымен және Одақтың басқа да сауда әріптестерімен сауда келісімдерін жасасу жөніндегі келіссөздерге қатысуы</p> <p>мүше мемлекеттер қызығушылық танытқан жағдайда, үшінші тараптармен еркін сауда туралы келісімдер жасасу туралы ұсыныстарды дайындау</p> <p>үшінші ел үкіметтерімен бірлескен жұмыс топтарының отырыстарына қатысу</p> <p>мүше мемлекеттер қызығушылық танытқан жағдайда, ынтымақтастық туралы меморандумдардың жобаларын әзірлеу бойынша ұсыныстарды дайындау</p> <p>үшінші елдердің үкіметтерімен бизнес форумдар өткізуге көмектесу және оларға қатысу</p>	<p>Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңес тиісті шешімдер қабылдаған кезде Одақтың және оған мүше мемлекеттердің Мысыр Араб Республикасымен, Израиль мемлекетімен, Үндістан Республикасымен және Одақтың басқа да сауда әріптестерімен сауда келісімдерін жасасу бойынша келіссөздерді ұйымдастыру және жүргізу</p> <p>Мүше мемлекеттердің - Одақтың сауда әріптестерінің немесе мүше мемлекеттердің үшінші тараппен еркін сауда келісімдерін жасасу туралы ұсыныстарын Комиссия алаңында қарауды қамтамасыз ету</p> <p>үшінші елдердің үкіметтерімен бірлескен жұмыс тобының отырыстарын ұйымдастыру және өткізу</p> <p>үшінші елдердің үкіметтерімен бірлескен бизнес-форумдарды ұйымдастыру және өткізу</p> <p>елдермен, өңірлік экономикалық</p>	<p>Одақтың және оған мүше мемлекеттердің Одақтың сауда әріптестері мемлекеттерімен сауда және инвестициялық ынтымақтастығын жандандыру</p> <p>мүше мемлекеттер тауарларының үшінші елдердің нарықтарында қол жетімділік шарттарын жеңілдету Комиссияның шетелдік әріптестермен өзара қызығушылық тудыратын салалардағы</p>

	<p>егер мүше мемлекеттер мүдделі болса, елдермен, аймақтық экономикалық бірлестіктермен және халықаралық ұйымдармен сыртқы экономикалық байланыстарды дамыту бойынша ұсыныстарды дайындау</p>	<p>бірлестіктермен және халықаралық ұйымдармен, соның ішінде Орталық және Латын Америкасы мен Кариб бассейні ұйымдарымен сыртқы экономикалық байланыстарды дамыту</p>	<p>ынтымақтастығын жандандыру</p>
<p><b>4. Сыртқы нарыққа жоғары технологиялық өнімді экспорттау үшін басымдықты жағдайларды қамтамасыз ету</b></p>	<p>мүше мемлекеттердің экспортты қолдау институттары арасындағы өзара іс-қимылдың тиімді форматтар туралы ұсыныстар дайындау</p> <p>бірлесіп өндірілген өнімнің экспортын қаржылық және қаржылық емес қолдаудың мүмкін болатын бірлескен құралдары туралы, сондай-ақ үшінші елдер нарығында бірлескен жобаларды іске асыру туралы ұсыныстар дайындау</p> <p>мүше мемлекеттердің шетелдік экспорттық инфрақұрылымын бірлесіп пайдалану форматы бойынша ұсыныстар әзірлеу</p>	<p>мүше мемлекеттердің экспортты қолдау институттарының ақпараттық ресурстарын бірлесіп пайдалану форматтарын әзірлеу</p> <p>бірлесіп өндірілген өнімнің экспортын қаржылық және қаржылық емес қолдаудың бірлескен құралдары туралы, сондай-ақ үшінші елдер нарығында бірлескен жобаларды іске асыру туралы Одақ органы актісінің жобасын әзірлеу</p> <p>мүше мемлекеттердің шетелдік экспорттық инфрақұрылымын бірлесіп пайдалану форматы бойынша ұсыныстар әзірлеу</p>	<p>мүше мемлекеттердің өнімдерін үшінші елдердің нарықтарына экспорттау көлемін ұлғайту</p> <p>мүше мемлекеттер тауарларының үшінші елдердің нарықтарына қол жетімділік шарттарын жеңілдету</p>
<p><b>5. Өзара және сыртқы сауданы цифрландыру үшін қажетті жағдайлар жасау</b></p>	<p>мүше мемлекеттер мен үшінші елдер арасында электрондық сауданы дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау бойынша ұсыныстар дайындау</p>	<p>мүше мемлекеттер мен үшінші елдер арасындағы электрондық сауданы дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу</p> <p>цифрлық ынтымақтастыққа және электронды сауданы дамытуға бағытталған ережелерді Одақ пен оған мүше мемлекеттер және мүше мемлекеттердің сауда әріптестері арасындағы сауда</p>	<p>мүше мемлекеттердің өзара және сыртқы сауда көлемін ұлғайту</p> <p>мүше мемлекеттердің өзара және сыртқы саудасындағы сауда</p>

		келісімдерінің жобаларына қосу	операцияларының ашықтығын арттыру
<p><b>6. Мүше мемлекеттердің көлік инфрақұрылымын үйлестіре отырып дамыту</b></p>	<p>Шығыс-Батыс және Солтүстік-Оңтүстік бағыттары бойынша мүше-мемлекеттердің аумағында көлік инфрақұрылымын үйлестірілген дамыту, соның ішінде Одақтың және Қытайдың "Бір белдеу - бір жол" бастамасымен қабыстыра дамыту</p>	<p>Шығыс-Батыс және Солтүстік-Оңтүстік бағыттары бойынша мүше мемлекеттердің аумақтарындағы көлік инфрақұрылымының дамуын үйлестіру және бақылау, соның ішінде Одақта тауарлардың жылжу ағымдарын қамтамасыз ету және мүше мемлекеттердің аумағы транзиті арқылы қамтамасыз ету мақсатында Одақ пен Қытайдың "Бір белдеу - бір жол" бастамасы аясында үйлестіру</p>	<p>жүк айналымының, жолаушылар айналымының, тауарлар мен жолаушыларды тасымалдау көлемінің өсуі</p>
<p><b>7. Халықтың табысын ұстап тұруға және арттыруға, сондай-ақ экономикалық даму деңгейі мен халықтың табысы тұрғысынан мүше мемлекеттердің жақындасуының алғышарттарын жасауға бағытталған шараларды қабылдау</b></p>	<p>халықтың табысын сақтауға, сондай-ақ күрделі эпидемиялық жағдайдағы жұмысы үшін қызметкерлерді ынталандыруға бағытталған шараларды қабылдау</p> <p>Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 30 маусымдағы № 86 өкімімен құрылған Еуразиялық экономикалық одақты дамыту және қолдау институтын құру жөнінде ұсыныстар әзірлеу бойынша жұмыс тобының қызметіне қатысу</p>	<p>мүше мемлекеттердегі макроэкономикалық жағдай туралы және тұрақты экономикалық дамуды қамтамасыз ету жөнінде мүше мемлекеттердің экономикалық дамуы және халқының табыстары деңгейін бір-біріне жақындастыру туралы ұсыныстарды қамтитын баяндама әзірлеу</p> <p>Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 30 маусымдағы № 86 өкімімен құрылған Еуразиялық экономикалық одақтың даму институтын дамыту және қолдау бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының қызметі аясында Одақтың даму және қолдау институтын құру жөнінде ұсыныстар әзірлеу</p>	<p>мүше мемлекеттер халқының табыстарын арттыру</p> <p>мүше мемлекеттердегі ішкі сұранысты сақтау</p> <p>мүше мемлекеттердің экономикалық даму деңгейлерінің жақындасуына жағдай жасау</p>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК